V.Well фирмасының қан қысымын және тамыр соғуын өлшеуге арналған WA-33 автоматты электрондық аспабын сатып алғаныңыз үшін рақмет. Бұл аспап осциллометрикалық әдістің көмегімен қан қысымын, сондай-ақ жүрек бұлшық етінің жиырылу жиілігін оңай әрі дәл өлшеуді қамтамасыз етеді. Қан қысымы – маңызды параметр, ол арқылы Сіз денсаулығыңызды бақылай аласыз. WA-33 тонометрі Сізге қан қысымының деңгейін үнемі өлшеп отыруға мүмкіндік береді.

WA-33 ыық тұсындағы қан қысымын өлшеуге арналған түгелдей автоматты аспап болып табылады.

- Қазіргі заманғы «Fuzzy logic» өлшеу технологиясы. Аспапта қазіргі заманғы «Fuzzy logic» технологиясы қолданылады, ол жылдам, дәл және ауырсындырмайтын нәтиже алу үшін манжетке ауа толтырудың жеке дара деңгейін қамтамасыз етеді.
- Жүрек ырғағының бұзылуын анықтау. WA-33 қан қысымын өлшегіші өлшеу уақытында жүрек бұлшық етінің қалыпты жиырылу жиілігінің немесе мерзімділігінің бұзылғаны туралы хабарлайтын дыбыстық сигнал беретін аритмия индикаторымен жарақталған.
- 3 жолды үлкен дисплейде Еуропалық гипертензия қоғамының (ESH) жіктемесіне сәйкес қан қысымы көрсеткіштерінің шәкілі бар
- Бір түймешіктің көмегімен оңай басқарылады
- Басқару түймешіктерінің жарықтамасы бар
- Соңғы өлшеу нәтижелері жадыда сақталады
- Қолға орауға ыңғайлы әмбебап манжеттің алмалы қабы бар, оны жууға болады
- Қан қысымының деңгейін көрсету Еуропалық гипертензия қоғамының (ESH) жіктемесіне сәйкес іске асырылады. V.Well компаниясының тонометрі Сіздің өлшеу нәтижеңіз Еуропалық гипертензия қоғамының (ESH) жіктемесі бойынша қандай қан қысымына сәйкес келетінін көрсететін қысым деңгейі көрсеткіштерінің шәкілімен жарақталған.
- Батареялардың қуаты таусылғанының көрсеткіші. Батареялардың қуаты таусылғанының көрсеткішінің көмегімен Сіз аспаптағы батареяларды уақытында ауыстыра аласыз.
- Автоматты түрде ажырату. Батареяларды үнемді жұмсау үшін, егер аспап бір минуттан астам пайдаланылмаса, ол автоматты түрде ажыратылады.
- Желілік адаптерді жалғау мүмкіндігі бар. WA-33 аспабында пайдаланушыға ыңғайлы болу үшін және батареяларды үнемді пайдалану үшін желілік адаптерді жалғау мүмкіндігі көзделген.
- Аспаптың дәлдігі клиникалық сынақтар барысында дәлелденген.

Аспапты пайдаланардың алдында осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз; осы нұсқаулықты сақтап қойыңыз. Егер Сізде қан қысымына және оны өлшеуге қатысты қосымша сұрақтар болса, емдеуші дәрігермен ақылдасыңыз.

## 1.2. Қан қысымын өз бетіңізбен өлшеу жөнінде маңызды нұсқаулар

Мыналарды есте ұстаңыз: өз бетіңізбен өлшем жасау диагноз қою немесе ем тағайындау үшін емес, бақылау үшін іске асырылады. Артериялық қан қысымының мәндері назар аударарлық болса, оны міндетті түрде дәрігермен бірге талқылау керек. Дәрігеріңіздің жазып берген дәрілерін немесе олардың мөлшерін ешқашан да өз бетіңізбен өзгертпеңіз. Тамыр соғуының индикаторы жүрек ыргағының жиілігін тексеруге арналмаған! Жүрек ыргағы нашарлаған (аритмия) жағдайда, қан қысымын осы аспаппен өлшеу үшін дәрігермен ақылдасу қажет.

Электрмагниттік бөгелділер

Аспапта сезімтал электрондық құрылғылар (микрокомпьютер) бар. Аспапқа күшті электрлік немесе электрмагниттік өрістердің әсер етуіне жол бермеңіз, себебі бұл өрістер өлшеу дәлдігінің уақытша нашарлауына себеп болуы мүмкін. Мысалы, ондай өрістерді тасымалы телефондар, микротолқынды пештер және т.б. туғызуы мүмкін.

## 2. Артериялық қан қысымы және оны өлшеу туралы маңызды ақпарат

### 2.1. Қан қысымының жоғарылауы неліктен орын алады?

Артериялық қан қысымының деңгейі мидың қан айналысының орталығы деп аталатын ерекше бөлігінде айқындалады және жүйке жолдары арқылы жауап сигналдарын жіберу жолымен, жағдайға байланысты сол орталық арқылы реттеледі. Қан қысымын реттеу үшін жүрек соғуының күші мен жиілігі (тамыр соғуы), сондай-ақ қан тамырларының ауқымы өзгереді. Қан қысымының деңгейі жүрек қызметінің барысында мезгіл-мезгіл өзгеріп отырады: «қан айдаған» (систола) кезде қысымның мәні барынша үлкен (қан қысымының систолалық мәні), саябыр фазасының (диастола) соңында – ең төмен (қан қысымының диастолалық мәні). Артериялық қан қысымының мәндері белгілі бір қалыпты ауқымда болуға тиіс, бұл кейбір аурулардың алдын алу үшін қажет. Ұзаққа созылған кезең ішінде немесе ұзақтығы орташа кезең ішінде байқалатын қан қысымының көтеріңкі мәндері (гипертонияның түрлі нысандары) денсаулыққа келтірілетін елеулі қатерлермен байланысты болады. Жоғары қан қысымы мидың қан тамырларының қабырғаларына қатерлі ықпал етеді, жүректің ишемиялық ауруына, жүрек және бүйрек қызметінің жеткіліксіздігіне, көздің зақымдалуына әкеліп соғады. Соның нәтижесінде бұл есте сақтау қабілетінің нашарлауына, тіл байлануына, көру қабілетінен айырылуға, сал ауруына, мүгедектікке және қазаға әкеліп соғуы мүмкін.

### 2.2. Артериялық қан қысымы мәндерінің кестесі

Еуропалық гипертензия одағының (ESH) жіктемесіне сәйкес ересек адамдарға арналған қан қысымы мәндерінің кестесімен танысыңыз. Кестемен толығырақ танысу үшін 2.4-тармақты қараңыз.

Еуропалық гипертензия одағының (ESH) Ересек адамдарға арналған қан қысымы мәндерінің (мм сн. бг./ммHg) кестесі (2.4-тармақты қараңыз)

Қан қысымы мәндерінің ауқымы	Систолалық қысым	Диастолалық қысым	Өлшем мәні
3-ші дәреже: ауыр гипертензия	180-нен жоғары немесе оған тең	110-нан жоғары немесе оған тең	Дереу дәрігерге қаралыңыз!
2-ші дәреже: орташа гипертензия	160-179	100-109	Дәрігерге қаралыңыз
1-ші дәреже: жеңіл гипертензия	140-159	90-99	Дәрігермен ақылдасу
Жоғары қалыпты	130-139	85-89	Дәрігермен ақылдасу
Қалыпты	130-дан төмен	85-тен төмен	Өзі дербес бақылау
Оңтайлы	120-дан төмен	85-тен төмен	Өзі дербес бақылау

### Басқа нұсқаулар

Егер тыныштық жағдайында өлшенген қысымның мәндері қалыпты шектерде қалатын болса, алайда қатты қалжырап-шаршаған немесе жан-дүниеніз толқыған кездерде, шектен тыс жоғары мәндерді байқасаңыз, бұл құбылмалы (яғни, тұрақсыз) гипертонияның бар екенін көрсетіуі мүмкін. Егер сізде осы құбылысқа қатысты күдік туса, дәрігерге қаралуды ұсынамыз.

Егер қан қысымын дұрыс өлшеген кезде диастолалық (ең төмен) қан қысымының алынған мәні 120 мм сн.бг. мәнінен жоғары болса, кідріссіз дәрігерге қаралу қажет.

### Егер жоғары қан қысымы үнемі айқындалған жағдайда не істеу керек?

- Дәрігерге қаралыңыз.
- Ұзаққа созылған кезең ішінде немесе ұзақтығы орташа кезең ішінде байқалатын қан қысымының көтеріңкі мәндері (гипертонияның түрлі нысандары) денсаулыққа келтірілетін елеулі қатерлермен байланысты болады. Жоғары қан қысымы мидың қан тамырларының қабырғаларына қатерлі ықпал етеді, жүректің ишемиялық ауруына, жүрек және бүйрек қызметінің жеткіліксіздігіне, көздің зақымдалуына әкеліп соғады. Соның нәтижесінде бұл есте сақтау қабілетінің нашарлауына, тіл байлануына, көру қабілетінен айырылуға, сал ауруына, мүгедектікке және қазаға әкеліп соғуы мүмкін.

- Жоғары артериялық қан қысымының пайда болуы үшін толып жатқан себептер бар. Бұл орайда жиі кездесетін бастапқы (эссенциалдық) гипертонияны және қайталама гипертонияны бөліп қарастыруға болады. Соңғысы белгілі бір органдардың дұрыс жұмыс істемеуінің себебінен пайда болады. Жоғары қан қысымының ықтимал себептері турасында өзіңіздің дәрігеріңізден ақыл-кеңес алыңыз.
- Егер дәрігердің бақылауының нәтижесінде қан қысымының жоғары екені анықталса, сондай-ақ жоғары қан қысымының профилактикасы (алдын алу) үшін сіз қан қысымының деңгейіне қолайлы әсерін тигізетін бірқатар шараларды қабылдай аласыз. Бұл шаралар сіздің үйреншікті өмір салтыңызға байланысты.

#### **А) Тамақтануға қатысты қалыптасқан дағдылар**

Өзіңіздің жасыңызға сәйкес келетін қалыпты дене салмағын сақтауға тырысыңыз. Артық салмақты азайтыңыз! Ас тұзын шамадан тыс қолданбауға тырысыңыз. Майлы тағамдарды шамадан тыс қолданбауға тырысыңыз.

#### **Б) Бұрыннан бар аурулар**

Дәрігердің жазып берген ұйғарымдарына сәйкес дәйекті түрде бұрыннан бар аурулардан емделіңіз, мысалы:

- қант диабеті,
- майлардың алмасуының бұзылуы,
- подагра.

#### **В) Темекі тарту, алкоголь және кофеин**

Темекі тартудан мүлдем бас тартыңыз. Спиртті ішімдіктерді тек шамалы мөлшерде ғана қолданыңыз. Кофеинді (кофе) қолдану мөлшерін шектеңіз.

#### **Г) Организмнің физикалық ахуалы**

Алдын ала дәрігерге қаралыңыз да, жүйелі түрде спортпен айналысыңыз. Спорттың күш жұмсайтын түрлерін емес, төзімділікті шыңдайтын түрлерін таңдаңыз. Өбден қалжырағанша өзіңізді өзіңіз күштемеңіз. Егер ауруларыңыз болса, және (немесе) жасыңыз 40-тан асқан болса, спортпен айналысар алдында дәрігерге көрініңіз. Ол спорттың қай түрімен және қандай қарқынмен айналысуға болатыны жайында кеңес береді.

### 2.3. Өлшеу барысында жүрек ырағының бұзылуын анықтау

— ECG белгішесі өлшеу кезінде тамыр соғуының бұзылуы анықталғанын көрсетеді. Мұндай жағдайда нәтиже Сіздің қалыпты артериялық қан қысымыңыздан басқаша болуы мүмкін - 15 минут тынығып алыңыз да, өлшеуді қайталаңыз. — ECG белгішесі пайда болған кезде дыбыстық сигнал беріледі.

Әдетте, таңбаның бір мәрте пайда болуы мазасыздану үшін себеп болып табылмайды. Дегенмен, егер таңбаның пайда болуы жиілессе, біз дәрігерге қаралуға кеңес береміз.

Дәрігерге төменде келтірілген жайттардың түсіндірмесін көрсетіңіз:

Дисплейде аритмия көрсеткіші жиі пайда болатын жағдайда дәрігерге арналған ақпарат

Аспап осциллометриялық тонометр болып табылады, ол сондай-ақ тамыр соғуының жиілігін де анықтайды. Аспап клиникалық сынақтардан өткізілген. Егер өлшеу кезінде тамыр соғуының бұзылуы орын алса, өлшеу аяқталғаннан кейін — ECG аритмия белгішесі көрсетіледі. Егер осындай таңба жиі пайда болып отырса (мысалы, күн сайын өлшеген жағдайда аптасына бірнеше рет), онда науқастың медициналық кеңес сұрап хабарласуын ұсынамыз. Аспап кардиологиялық тексерудің орнына жүре алмайды, алайда тамыр соғуының бұзылуын ерте сатыда анықтауға мүмкіндік береді.




### 2.4. Тонометр дисплейіндегі қысым көрсеткішінің түрлі-түсті шәкілі

Тонометрдің корпусының сол жағындағы түрлі-түсті шәкіл қан қысымының өлшенген мәнінің қандай ауқымға түсетінін көрсетеді. Тонометрдің дисплейінде шәкіл арқылы көрсетілетін сызықтың биіктігіне қарай, өлшенген мәні қалыпты (жасыл), шекаралық (сары және жалқын) немесе қауіпті (қызыл) ауқымға дәл келеді. Бұл жіктеме 2.2-ші тармақтағы кестеде көрсетілгендей, Еуропалық гипертензия қоғамы (ESH) белгілеген кестенің 6 ауқымына сәйкес келеді. Еуропалық гипертензия қоғамының (ESH) ұсыныстамалары артериялық гипертензияны анағұрлым тиімді анықтау мен емдеуге мүмкіндік береді және Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының ұсыныстамаларына қайшы келмейді.

Қалыпты қан қысымының көрсеткіштері (бейнебеттің жасыл жарықтамасы)

Шекаралық қан қысымының көрсеткіштері (бейнебеттің сары жарықтамасы)


Жоғары қан қысымының көрсеткіштері (бейнебеттің қызыл жарықтамасы)



### 3. Аспаптың құрамдас бөліктері




Суретте артериялық қан қысымын және тамыр соғуының жиілігін автоматты түрде өлшегіш WA-33 көрсетілген:

а) Корпусы және құрамдас бөліктері



Құрамдас бөліктер


Функциялары

Құрамдас бөліктер	Функциялары
1 («Старт») түймешігі	 Өлшеуді бастау мен аяқтауға арналған. Жадыдағы өлшеу нәтижелерін қарап шығу үшін 3 секунд басып ұстап тұру керек.
2 Сұйық кристалды дисплей	Артериялық қан қысымын, тамыр соғу жиілігін.
3 Мажетке арналған ағытпа	 Манжетті аспапқа жалғауға арналған ағытпа.
4 Батарея ұясы	AA (1,5 В) тұрпатты 4 батареяны орнатуға арналған.
5 DC6V	 Желілік адаптерді жалғауға арналған ұяшық.


**б) Манжет:**

EA-Cuff M-L эмбебап манжеті 22-42 см иықты орауға арналған немесе

EA-Cuff M стандартты манжеті 22-32 см иықты орауға арналған (аспаптың жиынтықталымына байланысты)



**в) Дисплейдің сұлбасы**





## 4. Аспапты іске пайдалану

### 4.1. Батареяларды орнату

Аспапты орамынан шығарған бетте ең әуелі батареяларды салыңыз. Батареяларға арналған ұя аспаптың артқы жағында орналасқан.


- 1) Батарея ұясының қақпағын батарея ұясының қақпағында көрсетілген бағытта ашу керек.
- 2) Поларлығын сақтай отырып (батарея ұясының түбінде көрсетілгендей), өлшемі - AA (1,5 В) төрт батареяны салыңыз.
- 3) Батарея ұясының қақпағын жабыңыз.

#### ⚠ Ескерту!

Егер бейнебетте «батареялардың қуаты таусылуға жақын» деген  белгішесі жанып тұрса, бұл батареялардың қуаты таусылғанын және оларды ауыстыру керек екенін білдіреді. Индикаторда «батареялардың қуаты таусылды» деген  белгіше пайда болғаннан кейін батареялар ауыстырылмайынша, аспап сөніп қалады. Ұзақ мерзімге жететін батареяларды пайдалануға кеңес береміз.



Егер қан қысымын өлшегіш аспап ұзақ уақыт бойы пайдаланылмайтын болса, оның ішінен батареяларды алып қойыңыз.

### Жұмыс істеп тұрғанын тексеру

Көрсеткіш элементтерінің барлығын тексеру үшін  түймешігін басыңыз да, ұстап тұрыңыз. Егер аспап дұрыс жұмыс істеп тұрса, барлық көрсеткіш элементтері жануға тиіс.

### 4.2. Желілік адаптерді жалғау

- 1) Желілік адаптерді 110-240 В, 50 Гц ауыспалы электр желісіне қосыңыз.
  - 2) Желілік адаптердің істікшесін аспаптың оң жақ панеліндегі ұяшаққа жалғаңыз.
- Аспаптың батареялардан қуат алуы автоматты түрде ажыратылады.




**⚠ Ескерту!**

Егер сізге желілік адаптер керек болса, оны бөлек сатып алуға болады. Тек AD-155 желілік адаптерін ғана пайдаланыңыз.

Кез келген басқа адаптер пайдаланылған жағдайда, қызмет көрсету орталығы өзін аспапқа кепілдік қызмет көрсету бойынша міндеттемеден босатады.

**4.3. Манжетті жалғау**

Манжеттің түтікшесін суретте көрсетілгендей, аспаптың сол жақ панелінде орналасқан ағытпаға жалғаңыз.

**5. Өлшеуді іске асыру****5.1. Өлшеуге дайындау**

Өлшеуді іске асырар алдында тамақ ішпеңіз, темекі тартпаңыз және денені шаршататын қандай да бір ауыр іс-қимылдарды жасамаңыз. Бұл жайттардың барлығы өлшеу нәтижелеріне әсер етеді. Өлшеуге кіріспес бұрын бірнеше минут креслода жайбарақат отырып, демалу үшін уақыт табуға тырысыңыз. Өлшеуді тек бір ғана қолыңызда жасаңыз (ең дұрысы – артериялық қан қысымы жоғарырақ қолыңызда). Қан қысымын өлшеуді тәуліктің бір ғана мезгілінде іске асырыңыз, себебі артериялық қан қысымы күні бойы бірнеше рет өзгеріп отырады.

**5.2. Жиі кездесетін қателіктер****ⓘ Ескерту!**

Артериялық қан қысымын өлшеуден алынған нәтижелерді салыстыру үшін олар әрқашан да бірдей жағдайларда іске асырылуға тиіс. Қан қысымы әдетте тыныштық жағдайларында өлшенеді.

Науқастың кез келген күш жұмсауы, мысалы, қолын тіренуі артериялық қан қысымын жоғарылатуы мүмкін. Дененің босаңсыған жайлы күйде болуға тиіс. Өлшеу уақытында қолыңызды ширықтырмаңыз. Егер керек болса, қолдың астына төсеу үшін жастықты пайдаланыңыз.

Манжетке ауа түтікшесі кіретін жердің шынтақтың буынынан жоғары және жүрек деңгейінде орналасқанына көз жеткізіңіз. Егер бұл нүкте жүрек деңгейінен 15 см жоғары орналасса, аспап қан қысымының мәнін сіздің қан қысымыңыздың дұрыс мәнінен шамамен 10 мм сн. бғ. мәнінен төмен етіп көрсетеді және керісінше. Манжеттің мөлшерін дұрыс таңдау өлшеудің дәлдігіне әсер ететін аса маңызды шарт болып табылады. Манжеттің өлшемі Сіздің иығыңыздың ауқымына (қолдың қарына тығыз жанасып тұрғанда өлшенген) сәйкес келеді.


**⚠ Ескерту:** тек клиникалық сынақтан өткізілген түпнұсқалық манжетті ғана пайдаланыңыз.

Тығыз тағылмаған манжет өлшеудің дәлдігіне әсер етуі мүмкін.

Қан қысымын қайтара өлшеуді тек 5 минуттық үзілістен кейін ғана іске асыру керек, өйткені өлшеу барысында қолдағы қан тоқырайды, бұл өлшеудің нәтижесінің дұрыс болмауына әкеліп соғуы мүмкін. Үзіліс жас шамасына байланысты болады және қарт адамдарда 10-15 минутқа дейін жетуі мүмкін.

### 5.3. Манжетті тағу

- а) Манжетке ауа түтікшесі кіретін нүктесі сыртқы жағында орналасатындай етіп, манжеттің ұшын металл контур арқылы өткізіңіз.
- б) Ауа айдайтын түтікше сіздің алақаныңызға бағытталатындай етіп, қолыңыз манжеттің ішіне кіргізіңіз.
- в) Манжеттің шеті шынтақ буынынан 2-3 см жерде орналасатындай етіп оны қолыңызға киіңіз. Манжетке ауа түтікшесі кіретін нүкте шынтақтың буынынан жоғары сыртқы жағында орналасуға тиіс.
- г) Манжеттің бос шетінен тартып, қолыңыздың сүйірлігін ескере отырып, манжетті кигізіңіз, бірақ қатты тартпаңыз.
- д) Манжет қолға тығыз жанасып тұруға тиіс, әйтпесе өлшеу нәтижесі қате болады. Манжетті киімнің үстінен киюге болмайды.
- е) Манжетке ауа түтікшесі кіретін нүкте шынтақтың буынынан жоғары және жүрек деңгейінде орналасатындай етіп, қолыңызды үстелге қойыңыз. Түтікшенің бұратылып қалмауын қадағалаңыз.
- ж) Өлшеуді іске асырыр алдында бірнеше минут тыныш отыра тұрыңыз.




**⚠ Ескерту!**

Өлшеуді тек сол қолда ғана емес, сонымен бірге оң қолда да жүргізуге болады. Кез келген жағдайда қан қысымының деңгейін бақылау және өлшеу нәтижелерін салыстыру кезінде қан қысымын бір ғана қолда өлшеу қажет (артериялық қан қысымы жоғарырақ қолда)

**5.4. Өлшеу үдерісі****Ескерім**

Өлшеуді қысқа уақыт аралығында бірінен соң бірін қайталауға болмайды, себебі өлшеу нәтижелері бұрмаланады. Өлшеуді қайталамас бұрын бірнеше минут отыра тұрыңыз немесе жата тұрыңыз. Манжетті дұрыс салып, жалғағаннан кейін өлшеуге кірісуіңізге болады:


- а)  түймешігін басыңыз. Кіріктірілген микропроцессор манжетке автоматты түрде ауа толтыра бастайды да, бейнебетте манжеттегі қысымның мәні көрсетіледі.
- б) Манжеттегі қысым өлшеуді іске асыру үшін қажетті деңгейге жеткеннен кейін (манжетке ауа айдаудың жеке дара деңгейін қамтамасыз ететін Fuzzy Logic технологиясы), манжеттен автоматты түрде ауа шығару басталады.

**Өлшеу ресімі басталды!**

Өлшеу аяқталғанша денеңізді бос ұстаңыз, қозғалмаңыз, сөйлеменіз және қолыңызды ширқырмаңыз! Қалыпты тыныс алыңыз!

в) Жүрек соғуы анықталған кезде жыпылықтаған белгішесі пайда болады да, жүрек әр соққан сайын дыбыстық белгі естіледі.



г) Ұзақ дыбыстық белгі өлшеудің аяқталғанын білдіреді. Манжетте қалған ауа автоматты түрде шығарылады. Дисплейде артериялық қан қысымының және тамыр соғуының мәндері бейнеленеді.

д)  таңбасы өлшеу кезінде тамыр соғуының бұзылуы анықталғанын көрсетеді.

Дисплейде осы таңба пайда болған жағдайда нәтиже Сіздің қалыпты артериялық қан қысымыңыздан басқаша болуы мүмкін – өлшеуді қайталаңыз. Көптеген жағдайларда бұл мазасыздану үшін себеп болып табылмайды.

Өлшеу кезінде денеңізді бос ұстап, тыныш отыруыңыздың және сөйлемеуіңіздің маңызы зор. Егер осындай таңба жиі пайда болып отырса (мысалы, күнделікті өлшеген жағдайда аптасына бірнеше рет), бұл туралы дәрігерге хабарлауға кеңес береміз.

е) Аспап  түймешігін басу арқылы немесе бірнеше минуттан кейін автоматты түрде ажыратылады.




**5.5. Өлшеуді мерзімінен бұрын тоқтату**

Егер өлшеуді мерзімінен бұрын тоқтату керек болса (мысалы, ауырыну салдарынан),  түймешігін басыңыз.

Аспап сөнеді де, манжеттен ауаны шығарады.

**5.6. Жады функциясын пайдалану**

Аспап соңғы өлшеу нәтижесін автоматты түрде жадыда сақтайды. Қарап шығу үшін, аспап өшірілі тұран уақытта батырмаға (значок вкл/выкл) басыңыз да, барлық индикация элементтері жанғанға дейін оны басулы күйінде ұстап тұрыңыз. Батырманы жіберіңіз – дисплейде соңғы өлшеудің нәтижелері көрсетіледі және аспап дауыстық хабардың көмегімен оны дауыстап естіртеді.


Егер жадыда сақталатын іске асырылған өлшеу нәтижелерінде жүрек соғуының бұзылғаны анықталса, дисплей бейнебетінде  белгішесі пайда болады.

Ескерім

Өлшеуді қысқа уақыт аралығында бірінен соң бірін қайталауға болмайды, себебі өлшеу нәтижелері бұрмаланады. Өлшеуді қайталамас бұрын бірнеше минут отыра тұрыңыз немесе жата тұрыңыз.

**6. Қате туралы хабар. Ақаулықтар**

Егер өлшеу кезінде қате орын алса, өлшеу ресімі тоқтатылады да, дисплейде қате туралы хабар (мысалы, «Err 1») пайда болады.



Қате	Суреттемесі	Сіздің әрекеттеріңіз
Err 1	Сигнал тым әлсіз.	Манжеттің дұрыс тағылғанын тексеріңіз. Өлшеуді қайталаңыз.
Err 2	Қате сигналдар	Өлшеу барысында аспап қате сигналдарды көрсетті, олар мысалы, қолдың қимылынан болуы мүмкін. Қолыңызды қимылсыз ұстап, өлшеуді қайталаңыз.
Err 3	Манжетке ауа толтыру тым ұзаққа созылады	Манжетке қажетті қысым деңгейіне дейін ауа жіберу мүмкін емес. Ауа шығып жатқан болуы мүмкін. Манжеттің дұрыс жалғанғанын тексеріңіз. Қажет болған жағдайда батареяларды ауыстырыңыз. Өлшеуді қайталаңыз.
Err 5	Қалыптан тыс нәтиже	Өлшеу сигналдары дәл емес, сол себепті нәтижелерді көрсету мүмкін емес. Сенімді өлшеу нәтижелерін алу бойынша ұсыныстамаларды оқыңыз да, өлшеуді қайта жүргізіңіз.
«LO»	Тамыр соғуы тым төмен	Тамыр соғуы тым төмен (минутына 40 лүгілден кем). Өлшеуді қайталаңыз.
«LO»	Манжеттегі тамыр соғуы немесе қан қысымы тым жоғары	Манжеттегі қысым тым жоғары (300 мм сн.бг. мәнінен астам) НЕМЕСЕ тамыр соғуы тым жоғары (минутына 200 лүгілден астам). Бірнеше минут демалыңыз да, өлшеуді қайталаңыз.

**Басқа ықтимал ақаулықтары және оларды жою**

Егер аспапты пайдалану кезінде ақаулықтар орын алса, төмендегі тұстарды тексеріп, тиісті шараларды қабылдау қажет:

Ақаулық	Түзету тәсілдері
Аспап іске қосулы тұрғанда, батареялар жаңа болғанына қарамастан, дисплейде ештеңе көрінбейді.	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Батареяның дұрыс орнатылғанын (полярылығын) тексеріңіз.</li> <li>2. Батареяларды алып шығыңыз да, қайта салыңыз. Егер дисплей жұмыс істемесе, батареяларды жаңасымен ауыстырыңыз.</li> </ol>
Аспап сіздің қан қысымыңызды өлшеген жоқ немесе қысым Сіз үшін әдеттен тыс болып тұр.	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Манжетті қолға дұрыс кигізіңіз.</li> <li>2. Егер киіміңіз өлшеуге кедергі жасаса немесе қолыңызды қысып тұрса, қолыңызды киімнен босатыңыз.</li> <li>3. Қысымды тыныш жағдайда қайтадан өлшеңіз.</li> </ol>
Аспап дұрыс жұмыс істеп тұрса да, қатарынан бірнеше рет өлшеген кезде нәтижелердің елеулі алшақтығы байқалады.	«Жиі кездесетін қателіктер» 5.2-бөлімін тағы бір рет оқып шығыңыз. Өлшеуді қайталаңыз.
Үйде өлшеген кезде алынған артериялық қан қысымының мәндері дәрігердің мәндерінен басқаша шығады.	Аспаптың тәуліктің түрлі уақытында көрсеткен мәндерін жазып алыңыз да, дәрігермен кеңесіңіз

**Қосымша ақпарат**

Артериялық қан қысымының деңгейі тіпті денсаулығы жақсы адамдарда да ауытқуы мүмкін, сондықтан өлшеуді әрқашан да тыныш жағдайда жүргізудің маңызы өте зор.

Егер тонометрмен қандай да бір техникалық қиындықтар туындаса, тонометрді сатып алған жерден немесе техникалық қызмет көрсету орталығынан ақыл-кеңес алыңыз. Аспапты ешқашан да өзіңіз жөндеуге тырыспаңыз. Аспаптың қаптамасын өз бетіңізбен ашып, оны жөндеуге тырысу қызмет көрсету орталығын аспапқа кепілдік қызмет көрсету бойынша міндеттемеден босатады.

**7. Аспапты күтіп ұстау және дәлдігін қосымша тексеру**

а) Аспапты шектен тыс температурадан, ылғалдан, шаңнан және тура түскен күн сәулесінен қорғаңыз.

б) Манжетте ауа өткізбейтін сезімтал қуықша бар. Манжетті абайлап қолданыңыз. Манжеттің бұратылып немесе жаншылып қалмауын қадағалаңыз.

в) Манжетті тазалау

Аспапты тазалау үшін тек жұмсақ құрғақ матаны пайдаланыңыз.

Манжеттің қабын машинада 30°C температурада жууға болады (үтіктеуге болмайды!).

**ЕСКЕРТУ:** Ішкі созылымды камераны ешқандай жағдайда жууға жол берілмейді!

Қапты жуар алдында әр көз оның ішінен сезімтал созылымды камераны алып шығыңыз да, соңынан ұқыппен қайтадан салыңыз.

г) Аспапты құлатып алмңыз, оны қатты ұрылудан қорғаңыз.

д) Аспапты ешқашан да ашпаңыз! Аспаптың зауытта дәлденуі бұзылуы мүмкін, ондай жағдайда кепілдік міндеттемелер күшінен айырылады.

**Дәлдігін тексеру**

Біз аспаптың дәлдігін әрбір 2 жыл сайын немесе механикалық ықпалдан (мысалы, құлағаннан) кейін тексеріп отыруды ұсынамыз. Сынақ жүргізу үшін уәкілетті қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз. Тексеру туралы толығырақ ақпаратты Сіз Ростест компаниясының жергілікті бөлімшесінен ала аласыз. Тексеру аралығындағы мерзім 2 жыл.



## 8. Стандарттарға сәйкестігі

Аспаптың жоғары сапасы құжат жүзінде расталған.

### Ресейде:

Тіркеу күәлігі № РЗН 2014/1462 от 05.06.2014 г.

Ресей Госстандартының сәйкестік туралы мағлұмдамасы

Техникалық реттеу және метрология жөніндегі Федералдық Агенттіктің өлшеу құралдарының тұрпатын бекіту туралы сертификаты

### Еуропалық Одақта:

Артериялық қан қысымын өлшеуге арналған инвазивтік емес аспаптар бойынша еуропалық стандарттың талаптарына сәйкестік:

EN 1060-1

EN 1060-3

EN 1060-4

EN 60601-1

EN 60601-1-2

Электрмагниттік сыйысымдылық бойынша EN10601-1-2 еуропалық стандартының талаптарына сәйкестік.

Еуропалық одақтың Іа сыныпты медициналық бұйымдар бойынша 93/42/EWG ұйғарымының талаптары орындалды.

## 9. Техникалық сипаттамалары

Салмағы:

480 г (батареялар мен манжетті қосқанда)

Өлшемдері:

125 x 91 x 59 мм

Сақтау температурасы:

-5-тен +50°C-қа дейін

Ылғалдылық:

салыстырмалы ылғалдылығы 15-тен 85%-ға дейін

Іске пайдалану температурасы:

10-нан 40 °C-қа дейін

Бейнебет:

сұйық кристалды

Өлшеу әдісі:

осциллометрлік

Қысым сенсоры:

сыйымды

Өлшеу ауқымы:

- қысым: сынап бағанының 20 мен 280 мм аралығы

- тамыр соғуы: минутына 40-тан 200-ге дейін лүпіл

Манжеттегі қысымның көрсеткіші:

Өлшенген нәтижелер жады:

Ең кіші көрсеткіш қадамы:

Қысым өлшеудің статикалық дәлдігі:

Тамыр соғуын өлшеу дәлдігі:

Қоректендіру көзі:

Желілік адаптер:

Шығыс кернеуі:

Жиынтықталымы:

сынап бағанының 0 мен 299 мм аралығы

соңғы өлшеу нәтижелері жадыда автоматты түрде сақталады

сынап бағанының 1 мм-і

сынап бағанының  $\pm 3$  мм-і

тамыр соғуы мәндердің  $\pm 5\%$ -ынан кем (минутына 40 пен 200 лүпіл аралығы аумағында)

AA (1,5 В) тұрпатты 4 батарея

(бөлек сатып алынады): AD-155, кіріс кернеуі 110-240 В, 50 Гц.

тұрақтандырылған 6 В, 600 мА.

EA-Cuff M-L әмбебап манжеті 22-42 см иықты орауға арналған

немесе EA-Cuff M стандартты манжеті 22-32 см иықты орауға арналған

(аспаптың жиынтықталымына байланысты), сақтауға арналған сөмке,

AA тұрпатты төрт батарея, іске пайдалану бойынша нұсқаулық, кепілдік талоны

Өндіруші аспаптың техникалық сипаттамаларын өзгерту құқығын өзінде қалдырады.

## 10. Кепілдік міндеттемелер

- Өндіруші бұйымға\* 10 жыл бойы тегін сервистік қызмет көрсетілуін және аспап сатып алынған күннен бастап 36 ай бойы кепілдік міндеттемелерді қамтамасыз етеді.
- Тегін сервистік қызмет көрсету мерзімінің ішінде өндірістік ақаулық анықталған жағдайда, ақаулы аспап жөнделеді, ал жөндеу мүмкін болмаған жағдайда тегін ауыстырылатын болады.
- Кепілдік міндеттемелер тек кепілдік талоны түгел толытырылған жағдайда және сауда кәсіпорнының мөрі немесе техникалық қызмет көрсету орталығының мөрі болған жағдайда ғана жарамды болады.
- Кепілді және тегін сервистік қызмет көрсету аспаптың корпусында (соның ішінде дисплейде, манжетте және жалғастырылған түтікшелерде) механикалық әсердің іздері, ойыстар, жарықшалар, кетіктер және т.б., корпусының ашылған іздері, уәкілетті техникалық қызмет көрсету орталығынан тыс жөндеуге тырысудың белгісі, корпусының ішіне ылғал түскенінің немесе жеміргіш орталардың әсерінің іздері орын алған кезде, сондай-ақ тұтынушы іске пайдалану жөніндегі нұсқаулықта баяндалған ережелермен көзделген аспапты сақтау, тасымалдау және техникалық іске пайдалану ережелерін бұзған басқа жағдайларда жүргізілмейді.
- Кепілдік тозуға бейім құралас бөлшектерге, сондай-ақ қуат элементтеріне, сөмкеге және аспаптың қапталымына таралмайды.

\* тегін сервистік қызмет көрсету – өндірушінің кінәсінен пайда болған бұйымның кемшіліктерін (ақауларын) жою.

- Манжетке бір жыл, желілік адаптерге 6 ай кепілдік беріледі.
- Кепілдік B.Well компаниясы ұсынбаған желілік адаптерлер арқылы электр желісіне қосылудың салдарынан, сондай-ақ электр желісінде асқын кернеудің салдарынан пайда болған ақаулықтарға таралмайды.

РФ үкіметінің 19.01.98 жылғы № 55 қаулысынан үзінді көшірме

«Қайтаруға немесе мөлшері, пішіні, сыртқы өлшемі, пішіні, түсі немесе жиынтықталымы бірдей басқа тауарға айырбастауға жатпайтын тиісті сапалы азық-түліктік емес тауарлардың тізбесі» бекітілген. Аталған тізбеге төмендегілер кіреді:

«1... медициналық құрал-сайман, аспаптар және аппаратура...»

Осы кепілдіктің шеңберінде, сондай-ақ ақылы техникалық қызмет көрсету жөнінде ақпаратты уәкілетті сервис орталығынан немесе Ресей бойынша тегін жедел желінің **8-800-200-33-22** телефоны арқылы алуға болады.

B.Well өнімдерінің жоғары сапасын ескере отырып, аспаптардың іс жүзіндегі қызмет мерзімі ресми қызмет мерзімінен айтарлықтай артуы мүмкін.

B.Well компаниясының барлық өнімдері РФ аумағында қолданыстағы заңнамаға сәйкес сертификатталған және тіркелген.

«B.Well» компаниясының саясаты бойынша өнімдерді үнемі жетілдіріп отыру көзделеді. Осыған байланысты, компания алдын ала құлақтандырусыз және өндірістік талаптарға сәйкес өнімге толық немесе ішінара өзгертулер енгізу құқығын өзіне қалдырады.

*Жасап шығарылған күні – аспаптың сериялық нөмірінің алғашқы төрт саны – оның сыртқы жағында көрсетілген.*

*Бірінші және екінші сандар – шығарылған аптасы, үшінші және төртінші сандар – шығарылған жылы.*

Өз қалаңыздағы сервистік шеберханалардың мекен-жайларын Сіз **8 800 200-33-22** тегін жедел желі телефоны арқылы немесе Альфа-Медика компаниясының [www.alpha-medica.ru](http://www.alpha-medica.ru) веб-торабынан біле аласыз









**Manufacturer:**

B.WELL LIMITED, 758 Great Cambridge Road, the Business Centre, Enfield, Middlesex,  
EN 1 3PN, United Kingdom of Great Britain and Northern Ireland • www.bwell-swiss.ch

**Изготовитель:**

БИ. ВЕЛЛ ЛИМИТЕД, 758 Грейт Кэмбридж Роуд, Бизнес-центр, Энфилд, Миддлсекс,  
EN 1 3PN, Соединенное Королевство Великобритании и Северной Ирландии

**Өндіруші (Лицензияны ұстаушы):**

B.Well Limited, Бизнес - орталық, 758 Грейт Камбридж Роуд, Энфилд, Мидлсекс,  
EN1 3PN, Ұлыбритания.

**Manufacturer's address:**

ONBO Electronic (Shenzhen) Co., Ltd, No. 497, Ta Laneg Nan Road, Ta Laneg Street,  
Baoan District, Shenzhen (China)

**Адрес завода-изготовителя:**

ОНБО Электроник (Шэньчжэнь) Ко., Лтд, адрес № 497, Та Ланэг Нан Роуд, Та Ланэг Стрит,  
Баоан Дистрикт, Шэньчжэнь, Китай

**Өндіруші зауытың мекен-жайы:**

ONBO Electronic (Shenzhen) Co., Ltd., No 497, Та Ланег Нан жолы, Та Ланег көшесі,  
Бао Ан ауданы, Шеньчжэнь, Қытай.

Қытайда жасалған

Сделано в Китае

[www.bwell-swiss.ch](http://www.bwell-swiss.ch)

IM\_WA33\_both\_RU\_KZ\_4516